

М. Тұрбек , А.К. Анипина* , Ф. Оразақынызы 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЗООНИМДІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақал-мәтелдер белгілі мағыналарды жинақтайтын тілдік бірліктер негізінде бастапқыда нақты мәдени ұғымдарды талдауда көмекші материал ретінде қолданылды. Қазіргі уақытта, мақал-мәтелдер — қоршаған ортада адамдардың этномәдени көзқарасын, қоғамдағы қалыптасып жатқан дәстүрлі стереотиптер мен идеяларды сипаттайтын тілдік бірлік ретінде қарастырылады. Вербалды бірліктер мәдени кодтарды, менталды-дүниетанымдық көзқарастарды, стереотиптік көріністерді, халықтың моральдық-этикалық құндылықтарын және т.б. сипаттауда қолданылады, себебі мақал-мәтел ұлттың жалғасып келе жатқан өмірін жалғастырушы ретінде, сонымен қатар ұлт пен менталитетке, сана-сезімге, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарды сақтап келе жатыр, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізетін қасиетті ұлағатты сөздер.

Берілген мақала екі түрлі тілдер семьясына жататын қазақ және қытай тілдерінің зоонимдік мақал-мәтелдері салғастырылып қарастырылады. Екі тілдегі зоонимдік тақырыптағы мақал-мәтелдерді зерттеу арқылы қазақ және қытай ұлтының ұлттың мәдени ерекшеліктері, тілдік ерекшеліктерін анықтаймыз.

Тілдерді салғастырып зерттеу барысында олардың бір-бірімен ұқсас немесе бір-бірінен ерекшеленетін дәрежесінің заңдылығын айқындауға, тілдің ұлттық қасиетін терең түсінуге болады. Екі тілдің материалдары негізінде осы мәселені зерттеудің маңыздылығы – қытай тілін шетелдік студенттерге үйрету барысында өте пайдалы, себебі лингвистикалық және мәдени ақпарат арқылы шетел студенттері коммуникативті құзыреттілікке ие болады, сабақ барысында мақал-мәтелдерді қолдану кезінде олардың семантикасы мен сипатын ажыратады.

Түйін сөздер: мақал, мәтел, фольклор, жанр, қытай тілі, қазақ тілі.

M. Turbek, A.K. Anipina*, F. Orazakynkyzy
Al-Fababi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Artistic features of zoonymic proverbs in Chinese and Kazakh languages

Proverbs and sayings were originally used as auxiliary material for the analysis of specific cultural concepts based on linguistic units that generalize certain meanings. Currently, proverbs and sayings are considered as a linguistic unit that characterizes the ethnocultural views of people in the environment, traditional stereotypes and ideas emerging in society.

Verbal units are used to describe cultural codes, mentalistic worldviews, stereotypical ideas, moral and ethical values of the people, etc., since they are continuers of the ongoing life of the nation, and also preserve the spiritual values necessary for the nation and mentality, self-awareness, identity, sacred words of wisdom passed down as an inheritance.

This article compares zoonymic proverbs and sayings of the Kazakh and Chinese languages, belonging to two different language families. By studying proverbs and sayings on the topic of zoonyms in two languages, we determine the cultural and linguistic features of the Kazakh and Chinese peoples. In the course of a comparative study of languages, one can determine the pattern of the degree of their similarity or difference from each other, and deeply understand the national character of the language. The importance of studying this issue using materials from two languages is very useful when teaching Chinese to foreign students, since through linguistic and cultural information, foreign students acquire communicative competence, distinguish their semantics and character when using proverbs and sayings in the classroom.

Key words: proverb, saying, folklore, genre, Chinese language, Kazakh language.

М. Тұрбек, А.К. Анипина*, Ф. Оразақынызы

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: aliyaanipina80@gmail.com

Художественные особенности зоонимических пословиц и поговорок в китайском и казахском языках

Пословицы и поговорки первоначально использовались как вспомогательный материал для анализа конкретных культурных понятий на основе языковых единиц, обобщающих определенные значения. В настоящее время пословицы и поговорки рассматриваются как языковая единица, характеризующая этнокультурные взгляды людей в окружающей среде, традиционные стереотипы и идеи, складывающиеся в обществе.

Вербальные единицы используются для описания культурных кодов, менталистское-мировоззренческих взглядов, стереотипных представлений, морально-этических ценностей народа и т. д., поскольку они являются продолжателями продолжающейся жизни нации, а также сохраняют духовные ценности, необходимые для нации и менталитета, самосознания, самобытности, священные мудрые слова, передаваемые в качестве наследства.

В данной статье сравниваются зоонимические пословицы и поговорки казахского и китайского языков, принадлежащие к двум разным языковым семьям. Путем изучения пословиц и поговорок на тему зоонимов в двух языках мы определяем культурно-языковые особенности казахского и китайского народов. В ходе сопоставительного изучения языков можно определить закономерность степени их сходства или отличия друг от друга, глубоко понять национальный характер языка. Важность исследования данного вопроса на материалах двух языков очень полезна при обучении китайскому языку иностранных студентов, поскольку посредством лингвострановедческой информации иностранные студенты приобретают коммуникативную компетентность, различают свою семантику и характер при использовании пословиц и поговорок на уроке.

Ключевые слова: пословица, поговорка, фольклор, жанр, китайский язык, казахский язык.

Кіріспе

Мақал-мәтелдер ұзақ уақыт бойы ұлттың мәдениетін, салт-дәстүрін дәріптеп келеді. Қазіргі таңда мақал-мәтелдер тек фольклор жанры ретінде ғана емес, лингвистикалық тұрғыдан зерттелуде. Туыс емес тілдер тобына жататын қытай және қазақ тілдерінің мақал-мәтелдерін салғастыра зерттеу арқылы екі елдің мәдени және тілдік ерекшеліктерін арқылы көрсетуге болады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Бұл зерттеудің міндеті – бір тілдің ұлттық ерекшелігі сол тілде сөйлеушілердің көзқарасымен жауап іздеу ретінде қарастырылған. Бұл жағдайда анағұрлым ұқсас зерттеу әдістері – ақпарат берушілермен сұхбаттасу және сол тілге қатысты лингвистикалық деректерге қатынасын анықтауға бағытталған әр түрлі зерттеулер жатады. Салғастырмалы талдауда ең маңызды өлшемнің бірі – қалыптасқан тіларалық айырмашылықтардың сәйкес мәдениеттің ерекшелігіне қозғағыштығы, ал интроспективті тәсіл кейбір құбылыстарды өзіндік және тек өзінікі ретінде сипаттайтын ана тілін меңгерген шешендердің түйсігіне жүгінуді білдіреді, яғни таза ұлттық сипатты білдіреді. Салғастырмалы тәсіл негізін-

де, нақты таңдалған құбылыстар интроспективті көзқарас негізінде анықталған құбылыстардың ауқымымен сәйкес келуі мүмкін емес, тіпті онымен байланыс нүктелері болмауы да мүмкін.

Біз зерттеуімізде бірінші тәсілді қолдандық. Қытай және қазақ секілді туыс емес тілдердің мақал-мәтелдерін салғастырмалы түрде талдау маңызды, өйткені мақал-мәтелдерде сол немесе басқа тілді жеткізуші мәдениеттің деректері мен құбылыстары жинақталып беріледі, тілдік қауымдастықтардың дүниетанымы, халық мәдениеті мен менталитетінің ерекшеліктері сақталады. Мақал-мәтелде халықтың күнделікті өмірінің, тұрмысының, тарихы мен мәдениетінің өзіндік ерекшелігі көрінеді. Коннотациялар әдетте, сөздердің (белгілердің) бейнелі мағыналарында, метафоралар мен салыстыруларда, фразеологиялық бірліктерде, синтаксистік конструкциялардың жекелеген түрлерінде және т.б. көрініс табады. Белгілі бір тілдік қауымдастықта мақал-мәтелдердің мәдени коннотациясының қалыптасуына келесі деректер үлкен әсер етеді: мақал-мәтелдердің өмір сүруінің мәдени, діни, тарихи, саяси, психологиялық түпнұсқалары, оның ұлттық әдебиетте қолданылуы, сонымен қатар лингвистикалық жаһандандудың белсенді үдерістері, бұқаралық ақпарат құралдары мен бұқаралық мәдениет тарапынан

байқалады. Әлемдік жаһандану үдерістері тілдердің дамуына үлкен әсер етеді: жаңа халықаралық коннотациялар пайда болады, үнемі жаңа тілдерлік метафоралардың, салғастырулардың, фразеологиялық бірліктердің және т.б. қалыптасу үдерісі жүреді (Репнякова Н.Н., 2006).

Мысалы, «*Айдаһар*» мен «*панда*» сөздері Қытайдың көптеген субъектілері арасында ғана емес, сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары мен әдебиеттің негізінде мәдениетте жақсы қолданысқа ие болуда, мысалы, «*龍*» (*Lóng – айдаһар*) қытай ұлтының символы, «*қытай халқы – айдаһардың ұрпақтары*» деп айтылады, «*熊貓*» (*Xióngmāo – панда*) тек Қытайда өмір сүретін сирек кездесетін жануар. Екі топта да «*аю*» деген атауды ынталандыруда қытай мәдениеті көрініс табады. Мысалы:

Аюдан жұлған жүн олжа (қазақ);

«*宁养一条龙，不养十个熊*» (*níng yǎng yì tiáo lóng bù yǎng shí gè xióng – ошақты аюдан гөрі бір айдаһар болғаны жөн; бірнеше дарынсыз адамдардан гөрі бір данышпан болғанды жөн (қытай)*) (Арутюнова Н.Д., Янко Т.Е. и Спиридонова Н.Ф., 2002).

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Қазақ және қытай тілдеріндегі ұлттық ерекшеліктерді зерттеу барысында екі тәсілді қолданамыз. Біріншісі – салғастырмалы тәсіл, онда бір тілдегі ұлттық-мәдени ерекшелік басқа тілге қатысты анықталады. Салғастырмалы тәсілде екі түрлі тілдік семьяға жататын тілдер арасындағы ерекшеліктер анықталады. Екіншісі – интроспективті тәсіл, бұл жерде белгілі бір тілдің ұлттық ерекшеліктері сол тілдегі сөйлеушілердің көзқарасымен, яғни ішкі көзқараспен, өзін-өзі бақылауы арқылы қарастырылады.

Салғастырмалы тәсіл арқылы екі тілге де қатысты барлық ерекше деректер анықталады.

Интроспективті көзқарас басқа тіл мен мәдениеттің ерекшелігіне қарамастан «имманентті» ұлттық-мәдени сипаттамалардың болуы туралы идеяға негізделген (Анипина А.К., Оразақыңқызы Ф., 2019).

Тақырыптың зерттелуінің әдіснамалық негізі

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. 1948 жылға дейін мақал-мәтелдер халық аузынан жинақталып, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары атқарыла бастады, екінші кезеңі – оларды лингвистикалық тұрғыдан зерттеу кезеңі. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін қағаз бетіне түсірген

алғашқы ғалым – Шоқан Уәлиханов. Қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап шығарған, тіл ғылымы, қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Б. Алтынсарин, Ш.Ибрагимов, Ә. Диваев, В. Радлов, М. Терентьев, т.б. секілді ғалымдардың еңбектері маңызды. Қазақ мақал-мәтелдері жайлы монографиялық зерттеулер жүргізген ғалым Б. Шалабаев, М.Ғабдуллин “Қазақ халқының ауыз әдебиеті” деген еңбегінде, С. Нұрышев мақал-мәтелдер жайлы зерттеулер жүргізген. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдердің тарихы тереңде жатыр. Олар жазудың пайда болуымен қағаз бетіне түскен. «Мэнцзы», «Ицзин», «Гоюй», «Цзочжуань», «Шицзи» және т.б. еңбектерде халықтың нақыл сөздері жайлы айтылған. Алғашқы мақалдар жинағы Сун дәуірінде пайда болды, қазіргі таңда мақал-мәтел сөздігі – Вэнлан құрастырған Цин дәуіріндегі «Ежелгі халықтық өлеңдер мен сөздер» сөздігі. Бұл сөздікке ежелгі дәуірден бастап, Мин дәуіріне дейінгі әдеби мұраларда кездесетін халықтың сөздер кірген.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мақал-мәтелдердің мәдени мәні оның құрылымындағы символдық компоненттің болуы Н.Д. Арутюнова бейнемен салыстырғанда символдың неғұрлым жоғары семиотикалық мәртебесін көрсетеді. Бұл ішінара символды көбінесе мәдениет тұрғысынан түсіндіруге байланысты, бұл «іс жүзінде символизммен ауыр жүктелген». «Символизм», «символика» (*symbolism*) терминдері мінез-құлықтың әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын тәсілдерін қамтиды. Символдың тұрақты сипаттамаларының бірі – ол әрқашан мінез-құлықтың неғұрлым жақын делдалдық түрін алмастырушы рөлін атқарады, сондықтан кез-келген «символизм» жағдайға байланысты түпнұсқадан тікелей шығаруға болмайтын мағыналардың болуын болжайды. Мақал-мәтел мазмұны әдетте бейнелі. Біз мақал-мәтелдер шындықтың кез-келген құбылысын білдірмейтінін, керісінше, оны бейне түрінде ұсына отырып сипаттайды деп айтқан болатынбыз (Арутюнова Н.Д., Янко Т.Е., Спиридонова Н.Ф., 2002).

Мақал-мәтелдің бейнелі мазмұны метафоралық мағына ретінде қабылданады, ол сонымен қатар қазіргі мәдени дүниетанымды бейнелейді. Сонымен бірге, мәдени белгіге жататын «дайын» белгілер де мақал-мәтелдердің бейнелік негізіне қатысады.

Бір жағынан тіл мәдениеттің көрінісі болса, екінші жағынан ол белгілі бір тілдік қоғамның

мәдениетін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі. Қытай мен қазақ мәдениеттері бір-бірінен едәуір ерекшеленетініне қарамастан, осыған ұқсас ерекшеліктер мәдени деңгейде қазақ және қытай тілдерінде кездеседі. Ұқсастық жағынан алып қарайтын болсақ, қытай және қазақ тілдеріне белгілі таңбаларды беретін семантикалық өрістердің немесе мәдени кодтардың жақындығы. Қазақ тілінде де, қытай мәдениетінде де аңдар, құстар, өсімдіктер, сандар мысалымен берілген көптеген ертегілер мен аңыздар бар. Бейнелердің әрқайсысы символдық мәнге ие. Мақал-мәтелдерде әртүрлі құбылыстардың белгісі бейнеленіп беріледі. Алайда, әртүрлі мәдени фондардың болуына байланысты, қазақ пен қытай санасындағы бір бейне бірдей немесе әр түрлі ассоциация тудыруы мүмкін, ал әртүрлі бейнелер кейде ұқсас белгіні тудыруы мүмкін, сайып келгенде, кейбір құбылыстардың белгісі тек қазақ тіліне немесе тек қытай тіліне тән. Әртүрлі елдердің адамдары белгілерге әр түрлі көзқараспен қарайтыны анық. Егер біз бұның маңыздылығына назар аудармасақ, кейінгі қарым-қатынаста түсінбеушілік, кедергілер болады. Қазақ және қытай тілдеріндегі белгілерді оқып үйрену және оларды салғастыру екі елдің мәдениеттері, әдет-ғұрыптары, тілдік әдеттері туралы көбірек білуге көмектеседі және екі халықтың мәдени өзара әрекеттестігін зерттеуге көмектеседі (Игілікқызы С., 2014).

Қазақ және қытай мәдениетінде ұқсас белгілері бар бейнелер кездеседі. Бұл құбылыстардың бір-бірінен ерекшелігімен, сыртқы келбеті мен сипатының ерекшеленуімен байланысты. Олар қазақ пен қытай ұлты арасында қабылдау немесе қабылдамауды тудырады. Бұл бөлімде біз кейбір бейнелердің ұқсас белгісіне салғастыра зерттеу жүргіземіз.

Түлкі бейнесі. Қазақ тілінде де, қытай тілінде де түлкі мифологияда «зиянды, қу жануар». Түлкі дәстүрлі түрде қалыптасқан қулық пен алдаудың белгісі деп саналады. Түлкінің бұл символикасы қазақтың «Түлкі мен бөдененің жолдас болуы», «Түлкі, аю және қойшы», «Түлкі мен қырғауыл» және т.б. ертегілерінде толық көрсетілген. Түлкі жануары өзі аса сақтықпен, әрдайым мүмкін болатын қауіпті қамтамасыз етеді деп саналады. Қазақ тіліндегі паремияларды қарастырсақ: «Түлкі құйрығына дақ түсірмейді»; «Түлкі жеті қасқырды жетектейді»; «Түлкі тауықтарды түсінде санайды»; «Түлкі – ескі жалапшы»; «Жақсы түлкінің үш тұмсығы бар»; «Түлкі болып кім дәрежеге кірсе, сол дәрежеде қасқыр болады»; «Түлкі апанына жа-

қын жерде аңға шықпайды»; «Түлкіні батпырауықтан, сұңқардан қорғау үшін құс ауласына жалдады»; «Егер түлкі келмеген болса, қой қасқырды жеп қояр еді» (Тұрманжанов Ө. (2007)).

Қытай халқының мәдениетінде қазақ халқының мәдениетіне ұқсас түлкі – екіжүзділіктің, айлакерліктің белгісін бейнелейді. Түлкі жануарымен берілген мақал-мәтелдерде жағымсыз бағалау сипат иеленеді. Мысалы:

狐狸觅的是肉，兔子寻的是草 (*Húlǐ mì de shì ròu, tùzǐ xún de shì cǎo* – түлкі етке келер, қоян шепке келер (дайын тамаққа келу));

狡猾的狐狸在山根过冬 (*Jiǎohuá de húlǐ zài shāngēn guòdōng* – түлкінің қуы бөктерді қыстайды (түлкінің қулығында шек жоқ));

野兽狡猾的是狐狸，牲畜狡猾的是山羊 (*Yěshòu jiǎohuá de shì húlǐ, shēngchù jiǎohuá de shì shānyáng* – түлкі аңның қуы, ешкі малдың қуы (түлкінің қулығы еш аңға тең келмейді))

狐狸在洞底，烟在洞口 (*hú lí zài dòng dǐ, yān zài dòng kǒu* – түлкісі түбінде, түтіні аузында (адамның қулығын бірдей тану мүмкін емес)) (王思义, 1996).

Түлкі алдау мен екіжүздіктің көрінісі, қытай фольклорында орны ерекше жануар. Түлкі – қасқыр, түлкі – жын «түлкі эпосының» тұрақты кейіпкерлері – қытайдың қиял-ғажайып әлемінде алатын орны ерекше, оның ең көрнекті өкілі қытай жазушысы Пу Сунлин (Пу Сунлин, 2022).

Түлкі – ерекше сиқырға ие зұлым рухтардың өкілі. Түлкі – сақ, айлакер. Оның басты міндеті – адамдардың өміріне араласу, оларды өзінің арбауына бағындыру, оларды өзінің қулық-сұмдығымен және озбырлығымен баурау. Сұлу қыздардың кейіпін алған түлкілердің арбауына түскен ер адамдар өлім жазасына кесіліп жатады. Қабір жанындағы шұңқырларда өмір сүрген түлкілер өлген жанның бейнесі болып саналады (Қамшыгер С., Жұмашева Қ, 2009).

Адамдар түлкінің сиқырынан қорғану үшін барлық амалдарды қарастырды және бұл үшін түлкіні тыныштандыру керек деген шешімге келді. Түлкі салттық ғибадаттың нысанына айналды.

Түлкі туралы қалыптасқан бейнені келесі мақал-мәтелдерден көруге болады:

豺狼当道，安问狐狸 (*chái láng dāng dào, ān wèn hú lí* – қасқыр түлкіден жол сұрайды (жақсы ешнәрсе күтпе; ойында жамандық)).

黄鼠狼进屋后变成了狐狸 (*huáng shǔ láng jìn wū hòu biàn chéng le hú lí* – қасқыр түлкіге айналған – алдамшы ниеттер өте көп (айлакердің мың құбылысы бар; кім айлакер болса, ол бір өзінше адам) (Ғабдылкәрімұлы Б., 2023)).

Осылайша, қытай мақал-мәтелдеріндегі түлкі лексемасының коннотациясы қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бейнелеу формасына ұқсас екенін анықтадық.

2) Ит жануары. Қазақ тілінде және қытай тілдерінде де ит белгісі қос сипатқа ие.

1. жағымды коннотация. Мысалы: *Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді; Ер туған жеріне Жақсы ит малдан артық; Ат жақсысы бозы болар. Ит жақсысы тазы болар; Ит иесі үшін, Құс тамағы үшін; Ит те иесін сыйлайды; Ит тойған жеріне.*

2. иттің бейнесі бағыну, күшке бағыну; арнамысты ұмыту, жауға қызмет ету мағынасы. Бұл иттің иесінің соңынан жиі жүгіріп, құйрығын бұлғауымен, бейтаныс адамдарды көргенде үруіне байланысты. Сондықтан адамдарда итке деген теріс көзқарас қалыптасқан. Осыған байланысты мақал-мәтелдер қазақ тілінде өте көп кездеседі, мысалы:

Құрдас не демейді, ит не жемейді; Пейілі жаманды ит қабады, Ниеті жаманды Құдай табады; Ит жаманы түз қорыр, Жігіт жаманы қыз қорыр; Екі даугер ауыл болмас, Ит күшіктеп сауын болмас; Дау құтырса, биін табар, Ит құтырса, иесін қабар (Тұрманжанов Ө, 2007).

Қытай тілінде итті шынайылығы мен адалдығы үшін мадақтайтын мағынадағы мақал-мәтелдер бар. Мысалы,

狗不嫌家穷, 人不嫌地薄 (gǒu bù xián jiā qióng, rén bù xián de bǎo – ит иесін кедейсінбейді, адам жұртын қораишынбайды);

狗鼻子总会闻着地 (gǒu bí zi zǒng huì wén zhe de – ит тұмсығы жерге жатпас) (王思义, 1996).

Алайда, екінші жағынан, иттің бейнесі басқа символдық мәнге ие: бағыну, күшке бағыну; арнамысты ұмыту, жауға қызмет ету. Мұндай сөз тіркестері қазақ тілінде өте көп, мысалы: *Иттің баласы; Арттан ерген ит сияқты; Иттің өлімі; Иесінің артынан жүзгірген ит сияқты.* Қытай тілінде ит сөзімен тіркестерді қарастыратын болсақ, олар қара сөздер ретінде қолданылады. Мысалы, *狗头军师 (gǒu tóu jūn shī – иттің басы бар стратег (кеңесші болады)); 狐朋狗友 (hú péng gǒu yǒu – жаман серіктестер, шірік достар); 落水狗 (luò shuǐ gǒu – суға құлаған ит (қиындыққа тап болған бейшара)); 蝇营狗苟 (Yíngyínggǒugǒu – шыбын сияқты сырғанау, иттей жорғалау; жалтару, ойнау; айлакер); 狗仗人势 (Gǒuzhàng rénshì – иесінің артында отырып, басқаларға қысым көрсету; иесінің артында отырып, басқаларды ренжіту; артында*

қожасы бола тұра, басқаларға қысым жасау); (王思义, 1996).

Қазақ және қытай халықтарының мәдениетінде «есек» бейнесі «қыңыр, ақымақ» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, қазақ тілінде «*ақымақты сөйлеуінен біл, есегін құлағынан біл*» деген сөз бар. Онда есекті ақымақпен салыстырады, яғни есектің ақымақтығы айқын көрінеді. Келесі мысалдарды қарастырайық: *Бір қыздың кесірі қырық есекке жүк; Есек болса, ерттеуші табылар; Есекті ысқылағанша, иығын шұқыла; Есеп білмеген есек және т.б.* Қытай халқы үнемі қыңырлық танытқан адамды есек деп атайды. Есек жайлы мақал-мәтелдер: *驴子配不上鞍 (Lǘzi pèi bù shàng ān – есекке күміс ер жараспас); 驴子肉不洁净, 力气却没什么不洁净 (Lǘzi ròu bù jiéjìng, lìqì què méishénme bù jiéjìng – Есектің емі арам күші адал); 有毛驴, 虽然比没有强, 可要是说牲畜, 还算不上 (Yǒu máolǘ, suīrán bǐ méiyǒu qiáng, kě yào shuō shì shēngchù, hái suàn bù shàng – Есек барға саналса да малға саналмайды); 骑毛驴等于骑自己的劳力 (Qí máolǘ dèngyú qí zìjǐ de láolì – есек мінген еңбегін мінер); 驴肥了, 踢主人 (Lǘ féile, tī zhǔrén – Есек семірсе иесін тебер; 不管怎么打, 毛驴成不了马 (Bùguǎn zěnmē dǎ, máolǘ chéng bùliǎo mǎ – Есекті қанша ұрсаң да ат болмас) (王思义, 1996).*

Әсіресе Қытайдың солтүстігінде «*倔驴*» (*Jué lǘ – қыңыр есек*) сөздері жиі айтылады (宋永培, 2001).

Жылан бейнесі. Жылан сөзі қазақ халқында теріс мағынада қолданылады. Қазақ халқы үшін жылан – зұлымдықтың, алдаудың белгісін иеленсе де жыланды киелі деп санаған. Жыланның бейнесі Ғ. Қайырбековтың «Арасанның иесі – Сарбас жылан» атты жыр шумақтарында көрініс табады.

«Арасанның иесі – Сарбас жылан», –
Естігенде осыны қалмас шыдам,
Қан салқындап, жүрегің баяу соғып,
Деп тұрғандай миың да:
«ал, қаш, бұдан!».
Шипалы су шыққалы осы маңнан,
Сарбас жылан сол жерге көшіп алған.
«Садақаны көп берсе сауықтырып,
Сараңдардан қақсатып өшін алған»
(Ғабдылкәрімұлы Б., 2023).

Қазақ халқының жылан тақырыбындағы мақал-мәтелдері: *Адам бір сөйлескенде жылан, Екінші сөйлескенде құлан, Үшінші сөйлескенде адам; Иттен шыққан шұбар жылан; Жазды күні жыланнан қорыққан, Қысты күні ала жіптен аттамас; Жеріне қарай жыланы, Тауына қарай*

қыраны; Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады, Жаман-жаман сөйлесең, пышақ қынынан шығады (Тұрманжанов Ө. 2007).

Қытай халқы жыланмен «уыттылық және арбау» деген мағынаны байланыстырады. Бұл адамдардың жыланды жақтырмайтынын көрсетеді. Қытай мақал-мәтелдері: 蛇委迤而行, 拖着身子进洞 (*Shé wěi yí ér xíng, tuōzhe shēnzi jìn dòng* – жылан ирелеңдеп жүреді, сүйрелеңдеп кіреді); 蛇的毒在头上, 大意着之敌在身旁 (*Shé de dú jù zài nǐ de tóu shàng, cǐyī de dírén jù zài nǐ de shēnbiān* – жыланның уы басында, байқамағанның жауы қасында; сөз тіркестері): 杀条蛇, 算是个功德 (*Shā tiáo shé, suànshì gè gōngdé* – Жыланды өлтіргеннің сауабы бар); 虎头蛇尾 (*Hǔtóushéwěi* – жолбарыстың басы, жыланның құйрығы (құлдырауға бару; толық емес; ештеңемен бітпеу); 画蛇添足 (*Huàshétiānzú* – жыланның суретін салып, оның аяқтарын сызу (тым көп істеу, артық істеу, арбадағы бесінші доңғалақ иттің бесінші аяғы сияқты, ертегілер ойлап табу); 牛鬼蛇神 (*Niúguǐshéshén* – өгіз жың және жылан рух жиіркенішті, құбыжық; б) төмен адам, қоқыс); 引蛇出洞 (*yǐn shé chū dòng* – жыланды өз тесігінен шығарып алу (сатқынға арналған жем)) (王思义, 1996).

Қорытынды

Қытай және қазақ тілдеріндегі зоонимдерге қатысты мақал-мәтелдердің мағынасында ұқсас-

тықтар жиі кездеді. Алайда, қоршаған ортасы, табиғаты, мәдениеті мен салт-дәстүріне байланысты, қытай және қазақ тілдеріндегі жануарлар тақырыбындағы мақал-мәтелдер арасында ерекшеліктер бар болуы заңды. Тек қытай ұлтына тән жануарлар – панда, феникс құсы, айдаһарды атап өтуге болады.

Мақал-мәтелдерді қолдану сөйлеуші мен тыңдаушы арасында үйлесімді атмосфераны қалыптастырады. Бұл әңгімелесушілер арасындағы қарым-қатынасты жақсартады, ал мәдениетаралық коммуникация жағдайында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Қазақ тіліндегі дискурста қытай мақал-мәтелдері мәдениеттер арасындағы айырмашылықты жоюдың тәсілі болып табылады. Бірегей метафоралық бейнелер мен функциялар қытай мақал-мәтелдерін танымал және дискурстарда сәтті етеді. Қытай мақал-мәтелдері шетелдік коммуникативті кеңістікте дәлелді шындыққа айналды.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер мақал-мәтелдерді когнитивтік, лингво-прагматикалық талдау мәселелері бойынша одан әрі жұмыстың келешегін көрсетеді. Біріншіден, бұл перспектива әлемнің басқа тілдерінің материалдары бойынша қытай мақал-мәтелдерін салыстырмалы түрде қарастыруда көрінеді. Екіншіден, ұсынылған әдістемені қазақтілді кеңістіктегі басқа тілдердегі мақал-мәтелдердің қызметін зерттеуде пайдалануға болады.

Әдебиеттер

- Анипина А.К., Оразақынқызы Ф. (2019) *Қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдени сипаты*. Орталық Азия елдерінің араб әлемімен тіл, тарих және мәдениет салаларындағы байланысы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы: Қазақ университеті баспасы. 76-79 бб.
- Репнякова Н.Н. (2006) *Эпитет в китайских сказках и поговорках*. Омск: Академия. С. 114-121.
- Арутюнова Н.Д. Янко Т.Е. и Спиридонова Н.Ф. (2002) *Логический анализ языка*. Москва: Индрик. 648 с.
- Игілікқызы С. (2014) *Хайуанаттар туралы ертегілер*. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 111 б.
- Пу Сунлин (2022) *Лисичьи чары*. Москва: Азбука аттикус.
- 宋永培(2001). *汉语成语词典*. 成都:四川辞. 书出版社.
- Қамшыгер С., Жұмашева Қ, (2009) *Қазақстан жазушылары: Анықтамалық*. Алматы: Аң арыс баспасы.
- Ғабдылкәрімұлы Б. (2023) *Қытай мақалдарының қазақша түсіндірмесі*. Шыңжаң: Шыңжаң өрендер баспасы. 593 б.
- Черкасский М.А. (1978) *Опыт построения функциональной модели*. Москва: Наука. С. 35–52.
- Прядохин М.Г. (1977) *Китайские недоговорки-иносказания*. Москва: Наука. 148 с.
- Черданцева Т. (2010) *Язык и его образы*. Москва: Международное отношения. 165 с.
- Пермяков Г.Л. (1988) *Основы структурной паремологии*. Москва: Наука. 235 с.
- Спешнев Н.А. (2014) *Китайцы: Особенности национальной психологии*. СПб: КАРО. С.75-95.
- Тұрманжанов Ө. (2007) *Қазақтың мақалдары мен мәтелдері*. Алматы: Білім.
- 王书贵(1984) *工具主语句. 语言学论丛(十三辑)*. 北京:商务印书馆.
- 王思义(1996) *国名人家书精典*. 沈阳:辽沈书社.

References

- Anipina A.K., Orazqynqyzy F. (2019) Qazaq және qıtay tilderindegi maqal-mätelderdiñ mädeni sipati. Ortalıq Aziya elderiniñ arab älemimen til, tarix және mädeniet salalarındağı baylanısı» attı xalıqaralıq ğılımı-praktikalıq konferenciyası. Almatı: Qazaq wniwersiteti baspası. 76-79 bb. Repnyakova N.N. (2006) Építet v kítayskix skazkax i paremiyah. Omsk: Akademıya. S. 114-121. Arwtyunova N.D. Yanko T.E. i Spiridonova N.F. (2002) Logičeskıy analiz yazıka. Moskva: İndrik. 648 s.
- İgilikızı S. (2014) Xaywanattar twralı ertegiler. Almatı: Memlekettik tildi damıtw instıtıwtı. 111 b. Pw Swnlın (2022) Lisıçı çarı. Moskva: Azbwka attıkw. sòng yöng péi (2001). hàn yü chéng yü cí diǎn. chéng dōu: sì chuān cí. shū chū bǎn shè.
- Qamşıger S., Jumaşeva Q. (2009) Qazaqstan jazwşılari: Anıqtamalıq. Almatı: Añ arıs baspası. Ğabdılkärimulı B. (2023) Qıtay maqaldarınıñ qazaqşa tüsindirmesi. Şıñjañ: Şıñjañ öreder baspası. 593 b.
- Çerkasskiy M.A. (1978) Opıt postroeniya fwnktsionalnoy modeli. Moskva: Nawka. S. 35–52. Pryadoxin M.G. (1977) Kıtayskie nedogovorki-inoskazaniya. Moskva: Nawka. 148 s
- Çerdanceva T. (2010) Yazık i ego obrazı. Moskva: Mejdwnarodnoe otnoşeniya. 165 s.
- Permyakov G.L. (1988) Osnovı strwktwrnoy paremiologii. Moskva: Nawka. 235 s.
- Speşnev N.A. (2014) Kıtaycı: Osobennosti nacionalnoy psixologii. SPb: KARO. S.75-95. Turmanjanov Ö. (2007) Qazaqtıñ maqaldarı men mätelderi. Almatı: Bilim.
- Wáng shū guì (1984) gōng jù zhǔ yǔ jù. yǔ yán xué lùn cóng (shí sān jí). běi jīng: shāng wù yìn shū guǎn.
- Wáng sī yì (1996) guó míng rén jiā shū jīng diǎn. shěn yáng: liáo shěn shū shè.

Information about authors:

Turbek Murat – Phd student, senior lecturer at the Faculty of Oriental Studies of KazNU. named Al-Farabi, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: turbekmurat@gmail.com)

Anipina Aliya Karkenovna – PhD, senior lecturer, Department of Chinese Studies, Faculty of Oriental Studies (Almaty, Kazakhstan, e-mail address: aliyaanipina80@gmail.com)

Orazqynqyzy Farida – PhD, associate professor, head of the department of Chinese studies of Al-Farabi Kazakh National University, email: faridak09@mail.ru

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрбек Мұрат – Докторант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану Факультетінің аға оқытушысы, (г.Алматы Қазақстан, әл.почта: turbekmurat@gmail.com)

Анипина Алия Каркеновна – шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD, аға оқытушы (Алматы қ., Қазақстан, электронды адрес: aliyaanipina80@gmail.com)

Оразақынқызы Фаридә – PhD, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қытайтану кафедрасының меңгерушісі, email: faridak09@mail.ru

*Келіп түсті: 19 қараша 2023 жылы
Қабылданды: 20 мамыр 2024 жылы*